

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
 2009 ж. № 25
 ЗАҢДЫ ҰЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДІ
 ҚАЙТА ӨТКІЗІЛДІ № 25433-1910 М-е
 Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. № 06 04
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ПРОИЗВОДНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ
 ПЕРВИЧНОЙ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
 № 25 03 2009 г.
 ОИДНІ АТТАМА № 25433-1910 М-е
 ІДНІ АТТАМА № 1910 М-е

«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ
 мүшелерінің жалпы жиналысының
 11.12.2009 жылғы №1 хаттамасымен
 БЕКІТІЛГЕН

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ АУДИТОРЛАР ПАЛАТАСЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚОЖАТТАРЫНА СӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТАРМАЛАР ҒИВАЗІЛГЕН
 № 13 13 БҰЙРЫҒЫ
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 439
 13 01 10

**«Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына
 кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы»
 жеке меншік мекемесінің
 ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасы
 Әділет Министрлігі Алматы қаласы
 Әділет Департаменті
 ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
 2009 ж. № 03 02 жүргізілді.
 9909700035 24
 АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
 1999 ж. № 06 04 жүргізілді.

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі мекеме түрінде құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады (мекеменің түрі – жеке меншік).

2. «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесінің толық және қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі;

мемлекеттік тілдегі қысқартылған атаулары: «Аудиторлар палатасының ҚР аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» ЖММ, Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы;

орыс тіліндегі толық атауы: Частное учреждение «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан»;

орыс тіліндегі қысқартылған атаулары: ЧУ «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы РК», Квалификационная комиссия Палаты аудиторов.

3. Аудиторлар палатасы Біліктілік комиссиясының жалғыз құрылтайшысы «ҚР Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымы болып табылады: 14.11.2006ж. №81590-1910-КАҰ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, Алматы қаласының Әділет департаментімен берілген; орналасқан жері: Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықшамауд., 56-үй, 33, 34 кеңселер; ОКПО коды 40935054 (91120), СТН 600700008865; «Банк ЦентрКредит» АҚ АФ ЖДК 002700589; БИК 190501719 (ары қарай - құрылтайшы).

4. Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) өз қызметінде ҚР Азаматтық кодексін, ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 19.03.2009 жылғы № 115 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 26.07.2006 жылғы № 273 Бұйрығымен бекітілген Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан

өткізу ережесін, өзге нормативтік құқықтық актілер мен осы Ережені басшылыққа алады.

5. Комиссияның орналасқан жері: 050036, Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықшамауд., 56-үй, 26 кеңсе.

6. Комиссия осы Ережемен белгіленген мақсаттарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Комиссия өзінің құрылу мақсатына сәйкес келмейтін қызметпен айналыса алмайды.

7. Комиссия өз қызметінде Аудиторлар палатасының символикасын (эмблемасын) пайдалануға құқылы.

8. Комиссияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы көрсетілген бланкілері және мөрі бар.

9. Комиссия заңда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға құқылы.

10. Комиссия мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарына ие болуға және оларды жүзеге асыруға құқылы.

11. Комиссия ҚР қолданыстағы заңдарымен көзделген тәртіппен бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізуге, өзінің қызметі туралы ақпаратты беруге құқылы.

12. Комиссия белгіленген тәртіппен салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлейді.

13. Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

14. Комиссия құрамының құрылуы Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап. Комиссия қызметінің мақсаты мен пәні

1. Комиссия қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысқысы келетін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау.

2. Комиссия қызметінің пәні:

1) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитетінің Қоры бекіткен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, халықаралық аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының салық, азаматтық, банктік, сақтандыру, зейнетақы заңнамаларына сәйкес келуі тиіс кандидаттарды аудиторлыққа аттестаттау бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

2) шолу, ұйымдастыру және бағалау топтарының құрамын бекітеді;

3) біліктілік емтихандарын өткізу күнін бекітеді;

4) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға құжаттарды қабылдайды;

5) біліктілік емтихандарының нәтижелерін қарау арқылы аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізеді;

6) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудың сапасын жақсарту мақсатында шұғылданып жүрген аудиторлар мен бухгалтерлерді, арнайы пән оқытушыларын, ғалымдарды шарттық негізде тартады;

7) Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде «аудитор»

біліктілігін беру туралы Комиссияның шешімі «аудитор» біліктілігін беру туралы шешім қабылданған уақыттан бастап бір ай ішінде жариялайды;

8) өткізілген аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау нәтижелеріне қарай Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесінің қосымшасындағы нысанға сәйкес «аудитор» біліктілік куәлігін және «аудитор» біліктілік куәлігінің нөмірін, тегін, өз атын, сондай-ақ өзінің қалауымен - әкесінің атын көрсете отырып аудитордың жеке мөрін береді;

9) біліктілік емтиханын қабылдау процесін ұйымдастырады;

10) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды өткізудің орны мен уақыты туралы уақтылы хабарлайды;

11) біліктілік емтиханын өткізу үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді;

12) отырысты өткізу күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияның құрамына кіретін уәкілетті органның өкілін Комиссияның отырысын өткізу орны мен уақыты туралы уақтылы хабардар етеді;

13) уәкілетті орган өкілінің ескертулері мен ұсыныстары бойынша шешімдер қабылдайды;

14) шешім қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға біліктілік куәлігінің нөмірі көрсетілген отырыс хаттамасын және «аудитор» біліктілігі берілген тұлғалардың Комиссияға тапсырған нотариалдық куәландырылған құжаттарының көшірмелерін береді.

3-бап. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Комиссия мүшелерінің келесі құқықтары бар:

1) ережелерді, нұскамаларды және өзге де ішкі актілерді әзірлеу;

2) Комиссияның кезектен тыс отырыстарын шақыру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Комиссия мүшелерінің міндеттері:

1) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитетінің Қоры бекіткен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, халықаралық аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

2) біліктілік емтихандарының күнін анықтау, өткізу графигін және кестесін бекіту;

3) біліктілік емтихандарын қабылдау жолымен аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды өткізу;

4) аудитордың жеке мөрінің нысанын бекіту;

5) «аудитор» біліктілігін беру, «аудитор» біліктілік куәлігі мен аудитордың жеке мөрін беру туралы шешім қабылдау;

6) біліктілік экзаменін тапсыру үшін алынатын тіркеу алымының және ақының, «аудитор» біліктілік куәлігінің дайындалғаны, оның дубликатының берілгені, аудитордың жеке мөрінің әзірленгені үшін алынатын ақының мөлшерін және оларды төлеу тәртібін айқындау;

- 7) Комиссияның «аудитор» біліктілігін беру туралы шешімі мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланатын мерзімді баспасөз басылымын анықтау;
- 8) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу барысында уәкілетті органның өкілі берген ескертулерді қарау және қажет болған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылдау;
- 9) біліктілік емтихандарын өткізу тәртібі туралы ережені әзірлеу;
- 10) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға арналған құжаттарды қабылдау тәртібін әзірлеу;
- 11) аудиторлыққа кандидаттардың бағаларын бекіту;
- 12) егер аттестацияға қатысқан болса, аттестация нәтижелері енгізілетін хаттамаға қол қою;
- 13) ҚР-ның аудиторлық қызмет туралы заңнамасымен көзделген және осы Ережемен белгіленген өзге міндеттерді орындау.

4-бап. Комиссияны басқару

1. Комиссияның басқару органдары:
 - 1) жоғарғы орган – Құрылтайшы;
 - 2) жеке дара атқарушы орган – Төраға;
 - 3) бақылау органы – Ревизор.
2. Құрылтайшы Комиссияның жоғарғы органы болып табылады. Құрылтайшының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Комиссияның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау, енгізу;
 - 2) Комиссияны ерікті түрде қайта құру және тарату;
 - 3) Комиссияның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;
 - 4) Комиссияның атқарушы органдарының қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;
 - 5) заң актілерінде белгіленген шектерде Комиссияның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 6) ревизорды тағайындау;
 - 7) Комиссия құрамын құру, Комиссия мүшесін шығару және ауыстыру;
 - 8) ҚР заңнамасымен және (немесе) осы Ережемен құрылтайшының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
3. Төраға ретінде Комиссия мүшелерінің қатарынан жай көпшілік дауыспен аудиторлық қызметпен айналысатын аудитор үш жыл мерзімге сайланады. Төраға болып бір адам екі рет қатарынан сайлана алмайды.
Комиссияның Төрағасын мүшелері оның құрамы құрылғаннан кейін сайлайды.
- Төраға Құрылтайшыға есеп береді.
4. Төраға:
 - 1) Комиссияның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады;

- 2) Комиссияның қызметін ҚР заңдарына сәйкес ұйымдастырады;
- 3) Комиссияның жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 4) Комиссияның отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Комиссияның қарауына арнап ұсынылып отырған мәселелердің тізімін белгілейді, Комиссияның хаттамалары мен шешімдеріне қол қояды;
- 5) Комиссия беретін «аудитор» біліктілік куәліктеріне қол қояды;
- 6) Комиссияның ішкі қызметін реттейтін актілерді (нұсқауларды, ережелерді, регламенттерді және т.б.) және оларды қабылдау рәсімдерін бекітеді;
- 7) Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шараларды қабылдайды, Құрылтайшы мен Комиссия шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады және орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 8) Комиссияның мүддесі үшін мемлекеттік органдармен, мекемелермен, коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдармен және өзге тұлғалармен арақатынас жасайды;
- 9) мүше тұлға Комиссияның отырыстарына жүйелі түрде (қатарынан 3 реттен артық) қатыспаған жағдайда Аудиторлар палатасына немесе уәкілетті органға олардың өкілдерін Комиссия құрамынан шығару және ауыстыру туралы ұсыныс жасайды;
- 10) емтихан тапсыру үшін тіркелген аудиторлыққа кандидаттардың тізімдерін бекітеді;
- 11) біліктілік емтихандарын өткізу тәртібі туралы ережені бекіту;
- 12) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға арналған құжаттарды қабылдау тәртібін бекіту;
- 13) шолушы, ұйымдастырушы және бағалаушы топтардың, апелляциялық кеңестің құрамын бекітеді;
- 14) емтихандар біткен соң емтихан жұмыстарын кодылайды;
- 15) Комиссия мүшесіне қарсылық беру және оны біліктілік емтиханына қатысудан шеттету мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- 16) біліктілік емтихандарын өткізудің орнын анықтайды;
- 17) Комиссияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 18) Комиссияның мүддесін білдіруге сенімхаттар береді;
- 19) штаттық кестені бекітеді;
- 20) шарттар жасасады;
- 21) банктерде есеп және басқа шоттарды ашады, заңнамамен белгіленген шектерде және Комиссия қызметінің мақсаттарына сәйкес оның қаржылық құралдары мен мүлкіне билік етеді;
- 22) Комиссияның қызметкерлеріне қатысты қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы өкімдер шығарады, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесін белгілейді, штаттық кестеге сәйкес лауазымдық еңбекақылардың мөлшерін белгілейді, басқа да еңбектік мәселелерді шешеді;
- 23) ҚР заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Төраға өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өкімдер және шешімдер шығарады.

6. Төрағасының орынбасары ретінде Комиссия мүшелерінің ішінен аудитор сайланады. Төрағаның орынбасарын Комиссия мүшелері ашық

дауысқа салу арқылы Комиссия отырысына қатысып отырғандардың көпшілік дауысымен Төрағаның ұсынуы бойынша сайлайды.

Төраға болмаған кезде оның міндетін уақытша орындау міндеті оның орынбасарына жүктеледі. Комиссия Төрағасының орынбасары ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады, сондай-ақ Төрағаның тапсырмаларын орындайды.

7. Төраға мен оның орынбасары өз қызметтерін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

8. Ревизорды Құрылтайшы Комиссияның атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылап отыру үшін үш жыл мерзімге тағайындайды.

Ревизор осы мақсат үшін Комиссияның барлық құжаттарына қол жеткізу құқығына ие болады. Ревизор міндетті түрде Комиссияның өткен жылдағы қаржылық есебін кем дегенде жылына бір рет тексеріп отырады.

Тексерулердің нәтижелерін Құрылтайшы бекітеді.

5-бап. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау

1. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды Комиссия ҚР-ның аудиторлық қызмет туралы заңнамасына және Комиссияның ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

2. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау ақылы негізде жүргізіледі.

6-бап. Комиссияның мүлкін қалыптастырудың көздері

1. Комиссияның осы Ережемен көзделген қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажет болатын мүлкі оған Құрылтайшы берген мүліктің есебінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге түсімдердің есебінен құралады.

2. Комиссияның мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

3. Комиссияның қызметін қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету Құрылтайшымен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

4. Комиссия өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған Құрылтайшы смета бойынша бөлген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.

5. Комиссия міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Олар жетіспеген жағдайда Комиссия міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жауапкершілікте болады.

6. Комиссияның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыс Құрылтайшыға үлестіруге жатпайды және осы Ережеде көзделген мақсатқа пайдаланылады.

7. Комиссияның барлық қаражаттары осы Ережеде көзделген мақсаттарға ғана арнап жұмсалады.

7-бап. Комиссияның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

Өзгертулер мен толықтырулар осы Ережеге Құрылтайшының шешімімен енгізіледі және ҚР-ның заңнамасымен бекітілген тәртіппен тіркеледі.

8-бап. Комиссияны қайта құру және қызметін тоқтату

1. Комиссияны қайта құру немесе тарату Құрылтайшының немесе соттың шешімі бойынша және ҚР заңнамалық актілерімен көзделген жағдайлар мен тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Комиссияда несие берушілердің талабын қанағаттандыру үшін акша жеткіліксіз болған жағдайда олар сотқа талаптарының қалған бөлігін Құрылтайшының есебінен қанағаттандыру туралы арыздануға құқылы болады. Комиссия таратылған жағдайда несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Құрылтайшының меншігінде қалады.

3. Комиссия өзінің қызметін тоқтатқан болып бұл туралы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін есептеледі.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**«Қазақстан Республикасының
Аудиторлар Палатасы» КАҰ-ның атынан
Кеңес Төрағасы**



А.О.Тулеуов

6. Доклад о деятельности Комиссии не может
содержать сведений о деятельности Комиссии
и не может быть использован в целях предоставления
сведений о деятельности Комиссии.
7. Все сведения, содержащиеся в документах
Комиссии, являются государственными
тайнами.

1. Комиссия по рассмотрению жалоб
на действия должностных лиц
образуется в составе Комиссии
и подчиняется Комиссии.

Пронумеровано
прошнуровано
на 19 листах

исчислено
печатаю
«14»
2009 г.
подпись



А.О.Улысов